

Шектеу іс-шараларын енгізуге байланысты ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Шағалалы ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 16 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 желтоқсанда № 5065 болып тіркелді. Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Шағалалы ауылдық округі әкімінің 15 тамыз 2019 жыл № 7 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Шағалалы ауылдық округі әкімінің 15.08.2019 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңы 10-1 бабының 7) тармағына сәйкес, Аққайың ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың 2018 жылғы 14 қарашадағы №08-11/761 ұсынысы негізінде Шағалалы ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мүйізді ірі қара малының арасынан туберкулез ауруы анықталуына байланысты, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Шағалалы ауылдық округінің Степное ауылында орналасқан "Солтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шексіз серіктестігінің мал шаруашылық фермалар аумағында шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шағалалы ауылдық
округі әкімі*

Г. Добромирова